

ЖАҒАНДАНУ ЗАМАНЫНДАҒЫ ЖАПОНИЯНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК – МӘДЕНИ КӨРІНІСІ

*Сауданбекова Ш.Т.¹, Бейіл Е.С.²

*¹Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті Шығыстану факультеті
Қиыр Шығыс кафедрасының аға оқытушысы, Phd доктор.

Алматы, Қазақстан, saudanbekova.shynar@gmail.com,

²Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті 2 курс магистранты
Алматы, Қазақстан, e-mail: Boktashak@gmail.com

Аңдатпа. Берілген мақалада Жапон қоғамындағы әлеуметтік мәдени процестердің заман талабына сай түрленуі жазылған. Заманауи Жапон қоғамы әлемдік модернизация мен жаһандану талаптарына қарамай дәстүрлерге, өткен өмірлеріне, ежелгі ескерткіштерге үлкен мән бере отырып, ата бабадан мұра болған мінез-құлық нормалары мен мәдениеттің формаларын сақтап қалуға тырысты. Саяси ойлау жүйесінде де, жапондықтардың әлеуметтік мінез-құлқындағы дәстүрлердің өміршеңдігін қазіргі қоғамдағы әртүрлі жағдайлармен байланыстыра отырып түсіндіреді.

Бұл мақалада Жапондықтар өздерінің парызы санайтын «гири» түсінігі адамгершілік қажеттіліктің бір түрі ретінде, ол адамды кейде өз еркіне қарсы немесе өз пайдасына қарамай бір нәрсе жасауға мәжбүр ететіні ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Гири – абыройлы міндет, жақсылық пен жамандықтың абстрактілі түсініктеріне емес, белгілі бір жағдайларда тиісті әрекеттерді талап ететін адами қатынастарды қатаң түрде реттеуге негізделген.

Тірек сөздер: қоғам, дәстүршілдік, ұлт, Жапония, жаһандану, гири, мәдениет, менталитет.

Негізгі ережелер

Қазіргі жаһандану заманы әлеуметтік-мәдени салада кез келген елдің мәдениетіне әсер етпей қоймайтын айтарлықтай өзгерістер орын алуда. Жапон қоғамында Шығыс дәстүрлері мен Батыстың жаңашылдықтары үйлесімді біріктірілген.

Кіріспе

Өз тарихи кезеңдерінде Жапония Қытайдың аймақтық ықпалында болып, қытай мәдениеті жапон қоғамының көптеген салаларын қамтыды.

Сонымен қатар, жапон еліндегі оқшауланудың ұзақ кезеңдері Қытайдан енген мәдениеттің өзгеріске түсінуіне және оның одан әрі жетілуіне ықпал етті. Осылайша, Жапония өткен мен қазіргі уақыт арасындағы байланыс айқын байқалатын бірегей мәдени дәстүрді сақтаған әлеуметтік ортаны құра алды.

Заманауи Жапония қоғамында дәстүрлерге, өткен өмірлеріне, ежелгі ескерткіштерге үлкен мән береді. Жапондықтар өмір салтына мәдени мұра ретінде ұқыптылықпен қарауды көрсете отырып, ата бабадан мұра болған мінез-құлық нормалары мен мәдениеттің формаларын сақтап қалуға тырысты. Саяси ойлау жүйесінде де, жапондықтардың әлеуметтік мінез-құлқындағы дәстүрлердің өміршеңдігін қоғамдағы қазіргі жағдай дәлелдейді.

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Зерттеу барысында ғылыми дереккөздерді пайдалана отырып, отандық және шетелдік авторлардың ғылыми көздеріне талдау жасалды, сондай-ақ жүйелеу және жалпылау эмпирикалық әдістері қолданылды.

Нәтижелері

Атап айтқанда, белгілі бір әлеуметтік топқа (отбасы, студенттік топ, еңбек ұжымы) мүшелік сезімі және оған деген жауапкершілік жапондықтар үшін әрдайым маңызды болып қала береді. Бала кезінен бастап жапондықтар топтық мүдделер жеке мүдделерден басым болады деген ойға үйренген, өйткені олардың түсінігінше тағдырдың қиыншылықтарымен топпен күрескенде ғана төтеп бере алады. Сонымен қатар, отбасынан басталып, еңбек ұжымымен аяқталатын әлеуметтік топтардың құрылымы, жапондықтардың пікірінше, үлкендерді құрметтеу және оларға бағыну адамның ең маңызды моральдық міндеті болып табылады.

Жапондықтар өздерінің парызы санайтын «гири» түсінігін ерекше атап өткен жөн. Гири – бұл адамгершілік қажеттіліктің бір түрі, ол адамды кейде өз еркіне қарсы немесе өз пайдасына қарамай бір нәрсе жасауға мәжбүр етеді. Гири – абыройлы міндет, жақсылық пен жамандықтың абстрактілі түсініктеріне емес, белгілі бір жағдайларда тиісті әрекеттерді талап ететін адами қатынастарды қатаң түрде реттеуге негізделген [1].

Дәстүрлер, әрине, жапон отбасында маңызды рөл атқарады және әр қазіргі жапондықтардың өміріне қатты әсер етеді. Алайда, жас ұрпақтың өсуімен жапон қоғамындағы кейбір өзгерістер әлі де жалғасуда, және оларды жапон отбасыларында жақсы байқауға болады.

«Жапон экономистері ел өзінің басты артықшылығын жоғалтып жатыр деп алаңдауда, жаңа заманның жұмысшылары бұдан бұрынғы адамдардай жұмыс істегісі келмейді, жапон әйелдері босанудан бас тартып, өмірлерін Батыс стиліне айналдыруға тырысады» [2].

Жапонияда дәстүршілдік – бұл ерекше құбылыс. Ол жапон ұлтының мінез-құлқы мен ойларына еніп, оның сипатының маңызды белгісі болды;

- жаһандану жағдайында да жапондар ата бабадан мұра болған мінез-құлық нормалары мен мәдениет формаларын сақтауға тырысады;

- жапондық ұлттық сипатта мыналарды бөлуге болады: жалпы этникалық ерекшеліктер (жоғары дамыған эстетикалық сезім, табиғатты сүю, еңбексүйгіштік, дәстүрді ұстану, қарызға бейімділік), топтық мінез-құлықтың ерекшеліктері (тәртіп, міндет сезімі, билікке берілгендік), күнделікті ерекшеліктер (нақтылық, сыпайылық, өзін-өзі бақылау) [3].

«Жапондықтар бұрыннан өздерін қызықтыратын шетелдік мәдениет бөлшектерін өздеріне пайдаланған. Басқа елдерден алынған барлық мәдениет бөлшектері жапон ортасына ерекше бейімделіп, кейде түбегейлі өзгеріп отырады. Бұл процесті тек уақытша пайдалану ғана емес, қайта құру және Жапонияның қажеттіліктеріне толық бейімделу деп атауға болады. Жапондықтар этноцентризмге бейім, бұл ұлттық жапондық сипаттың басты ерекшелігі» [4].

Қазір Жапония - әлемдегі алдыңғы қатарлы дамыған ел. Әйгілі Киотоның Гион ауданынан басқа қаланың кең көшелерінде дәстүрлі киімдер киінген жапондықтар мен гейшаны көре алмаймыз. Жапондар өздерінің кимоносын еуропалық костюмге ауыстырды, бірақ бұл ел өзіндік ерекшелігін жоғалтпады, жапондардың мәдени салт-дәстүрлері осы күнге дейін сақталды және белгілі бір мағынада одан сайын күшейе түсті. Жапондардың әлемде жетекші орынға ие болуына дәл осы қасиеттер көмектесті деп айтуға болады.

Олардың басқа елдерге қарағанда мұндай артықшылығы неде, бұл сұрақтың жауабын қайдан іздеу керек? Сірә, ол бұл елдің өзі қалай дамығанын және дамитынын, нені ұстанатындығын түсіну керек. Көптеген жылдар бойы жапондар үлкенді құрметтей отырып, үлкендердің үлгісіне еліктеп, оған барлық жағынан бағыну керек деген қағиданы ұстанып келді. Конфуцийшілдік жапон қоғамындағы мұндай қатынастардың негізіне айналды, ол патриархалды негіздерді бекітіп, отбасында барлық қатынастарды реттейтін иерархия орнатты. Топтық мүдделер жапондар арасындағы әрқашан бірінші орынға шығады, бұл әсіресе жапон қоғамына тән. Жапондықтар өмір бойы осы ережелерді ұстанып, оларды балаларына үйрету арқылы қоғамға жауапкершілік сезімін оятады [5, 35-56 б.]. Роберт Гийен Жапонияның «екі деңгейлі мәдениеті бар ел» екенін, онда жаңа және ескі мәдениет бірге өмір сүріп, бір-бірімен өзара әрекеттесетінін атап өтті. Ол жапондардың ежелгі салт-дәстүрлерге ерекше берілгендігі – бұл әлемдік сапырылыстан құтылу тәсілі, модернизацияның бақылаусыз процестеріне төтеп бере алатын ежелгі мәдениет қана, бұл «екі деңгейлі мәдениеттің» ұзақ уақыт бойына өмір сүретіндігін білдіреді. «Жапонияның жетістігі – бұл басқа артықшылықтар мен кемшіліктердің арасында өздерінің жұмысын сапалы түрде жасауға бейімді жапондықтардың сансыз көпшілігінің еңбегі» Роберт Гийен. Жапондықтардың ұлттық сипаты сырттан пайда болып, дамыған жоқ. Жас кездерінен жапон балалары дәстүрлі мәдениетті саналарына сіңіріп өседі. Олар өздерінің дәстүрлі көзқарастарын өз отбасыларынан жастайынан үйреніп, мәдени дәстүрлерді қазіргі өмірдің талаптарына сай үйлестіруге дағдыланды [6, 38-79 б.].

Жапондықтардың көп шоғырланған ірі қалаларынан да олардың ежелгі мәдениетінің көріністерін табуға болады. Жапонияда аниме жанры (жапондық анимация) бар, онда сіз бұрын-соңды болмаған, көркем фантастика, шебер технологиялардың кереметтігін, ол арқылы жоғары технологиялардың керемет дамыған кезеңінде болып жатқан жапон қоғамы мен қалыптасқан дәстүрлерін көре аласыз. Бұл жапондық дүниетанымның шешуші сәті, дәстүрлер мен инновациялардың шебер үйлесуі және олардың параллель өмір сүруі ғана емес, үйлесімді өзара әрекеттесуін көре аламыз.

Қазіргі кезде ескі мен жаңаның ортасында тұрған жапондық отбасының пайда болуы Эдо кезеңі деп санауға болады. Отбасы әрқашан жапон қоғамындағы ең маңызды элемент болған және оған дін ерекше әсер еткен. Жапонияның үш негізгі діні – синтоизм, буддизм және конфуциандық, бірақ, конфуциандық діннен гөрі адамдарды құрметтеуді үйрететін, өмірі үшін көптеген ережелер жиынтығы деп атауға болады. Жапондардың алғашқы

діндерінің бірі – Синто. Көптеген ғалымдар, олардың ішінде В. Овчинников жапондықтарды әдемілік пен қарапайымдылыққа деген қатты сүйіспеншілікке үйреткен Синтоны діні деп санайды. Буддизм жапондарға ерекше төзімділік берді. Конфуцийшілдік өз кезегінде үлкендерге деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін оятады. Жапон халқы осы діндердегі ерекше ұстанымдарды оңай қабылдады және оларды ерекше жолмен жетілдіріп қолданып келеді. «Ежелгі уақытта жапондық отбасы «ути» – үй, ішкі кеңістікті де «ути» деп атайтын. Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін әр отбасында, үйдің ішінде көптеген дәстүрлі ұстанымдар сақталынып келеді» [7].

Жапонияның жас буын өкілдері жапондықтарға жат мінез-құлықты көрсетуі осы жаңа заман кездерінде кездесуі мүмкін, бірақ Жапония өте тез қалыптасатын және тез үйренуге бейім екендігін дәлелдеп, көптеген жолдармен әлемнің ең бай елдерінің қатарына еніп, көптеген дамыған елдерді басып озды. Әрине, Жапония үкіметі қоғамдағы қазіргі жағдайға алаңдаушылық білдіруде, жапон әйелдері енді үйде отыра отырып, бала тууды қаламайды, ал жұмысшылардың көпшілігі жас буын өкілдері үлкенге бағыну немесе топтық жұмыс жағдайларына бағынбай, наразылық білдіруде. Денсаулық жағдайларына да алаңдаушылықтар жапондық жастардың тамақтанудың жаңа түріне ауысуына байланысты және көбінесе фаст-фудтар мен батыстық стильдегі басқа да тез тамақтану мейрамханаларының кеңінен таралуына байланысты жапондықтарды жүрек-тамыр аурулары бойынша алғашқы орындардың біріне шығарды. Қала халқы өсуде, ауылдық жерлерде егін алқабында жұмыс істегісі келетіндер жетіспейді. Адамдардың көбі қалалық жерлерде жұмыс істеп, ауылдан кетуді жөн көреді. Қаладағы стандартты пәтерлер қазір үлкен сұранысқа ие, ал егер жапондықтардың жеке пәтері болса, ол бай адам болып саналады, ал онда өмір сүру әлдеқайда ыңғайлы деп есептеледі. Алайда, бұған қарамастан, жапондықтар өздерінің ұлттық көрінісін көп пәтерлі үйлердің қабырғаларында да сақтауға тырысады. Пәтерлердің мөлшері белгілі бір отбасының тұрмыс тіршілігіне байланысты бөлмелері жылжымалы есіктермен бөлінеді, пәтердің ішінде татамилі бөлмелер бар үйлер жиі кездеседі, сондай ақ, футон пайдаланып жапондықтар жерде ұйықтайды. Жапондық әйелдер бүгінгі күндері де балаларды тәрбиелеп өсіреді, бірақ сонымен бірге олар мансапқа деген құштарлықтың әсерінен үй шаруасы мен балаларға бұрынғы әйелдердей көңіл бөле алмайды. Енді олар жұмыстың барлық саласында қатыса алады, оған бұрын қол жетімсіз болған көптеген жолдар ашылды. Жапондық әйел өз қалауы бойынша қалаған жерінде оқи алады, қажет деп санайтын ұйымдарда жұмыс істей алады. Некесіз, азаматтық отбасылар көптеп пайда болды. Қазір Жапонияда отбасын құру отыздан асқаннан кейін, жасы ұлғайған кезде дұрыс болып есептелініп кетті. Жаңадан отбасын құрған жас жұбайлардың көбінің жасы отыздан асады. Жас ұрпақ ең алдымен мансабын жоғарлатып, содан кейін балалы болуды қалайды. Жапонияда жұмыс орнынан лауазымы жоғарлау қиын нәрсе. Мектепте және институтта оқығаннан кейін, жапондықтар жұмысқа орналасады және ең алдымен өз отбасын қалай қамтамасыз ету туралы ойлана бастайды. Бұрын отбасын қамтамасыз етумен ер адам айналысса, қазір әйелдер

бұл процеске көбірек қатысады және дауыс беру құқығын және отбасылық мәселелерді шеше алуды қалайды. Дәстүрлерді қолдайтын үлкен кісілер осыған байланысты наразылықтарын туғызып бағуда, бірақ соған қарамастан олар ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерге қайшы келетін өзгерістерсіз заманның дамуы мүмкін еместігін түсінеді. Бүгін әйелдер ер адамның бұрынғыдай артында емес, қасында жүреді. Алайда оның барлық міндеттері жойылған жоқ, ол үйдегі барлық қызметтерді орындауды жалғастыруда [8]. Жапонияда аралас неке сияқты сирек құбылыс пайда болды. Бұл үрдіске әсер еткен бірнеше себептер бар, бала туып, өсіргісі келмейтін әйелдердің саны артты, қазір мансап қуған әйел адамдар көп. Демек, жас ұрпақтың өсуі өте аз, ал қарттар көбейіп келеді.

Жастар Батыс мәдениетіне еліктеуді ұнатады. Бұл тек дәстүрлердің араласуын ғана емес, сонымен қатар отбасылық келіспеушілікке әкелетін ұрпақтардың ата-аналарының көзқарастарына қарсылығын да көрсетеді. Жас ұрпақ өзінің дәстүрін онша сақтамайды. Біз «гайджин комплексу» деген терминді естиміз, «Батыста бәрі жақсырақ». Мұның бәрі, әсіресе, Жапония үкіметінің көңілінен шықпайды, олар бұл жағдайға қанағаттанбайды, ал осы уақытта жастар батыстық стильде киініп, сөйлесуге бейім, көбіне жас жапондар шетелге оқуға кетеді. Онда олар сыртқы мәдениеттің әсерінен біртіндеп өздерінің салт-дәстүрлерін ұмытып кетеді және Жапонияға оралған кезде дәстүрлі қағидаларды, нормалар мен мінез-құлық ережелерін бұзады, сондықтан олар өте қатты қоғамдық сынға ұшырайды [9]. Қазіргі заманауи дәстүрлер жапон отбасын өзгертуде. Батыстың ықпалы өте қатты, сондықтан ересек адамдар қаншалықты қарсы болса да, жастар бұл жаңа мәдениетті таратуға құштар. Көптеген әйелдер дәстүрлі құндылықтардан біртіндеп алыстай бастаған деп айыпталуда. Сыртқы жағынан әйелдер дәстүрлерді сақтайды, бірақ қазіргі жағдай олардың тәуелсіздікке қол жеткізгендігін және күйеулер, керісінше, отбасына көп көңіл бөлетін ер адамдарға айналғанын көрсетеді. Бұрын әйел үй шаруасына қатысты барлық істермен айналысты, қазір ондай емес. Әдетте күйеуінің жалақысы әйелдің есепшотына толығымен аударылады, ал күйеуіне қалтадағы ақшаның белгілі бір бөлігі беріледі. Бұрынғы кезде қыздар 30 жасқа дейін тұрмыс құруға асықса, қазір отыздан асса да асықпайтындар көп. Отбасын құру үшін уақыт таппай арнайы орталықтарға жүгініп, үйленетіндер саны көбеюде. Үйлену рәсімінен – буддистер, синтоистер мен христиандардың үйлену тойларының үйлесімін көре аламыз. Бір кездері бұл рәсімдер тек күйеу жігіттің үйінде өткізілуі керек болса, қазір бұл үшін арнайы залдар мен мейрамханалар таңдалды. Қалыңдық өзінің киімін бірнеше рет өзгертеді, дәстүрлі жапондық үйлену тойына кимоно қажет, содан кейін жаңадан үйленгендердің қалауы бойынша. Үйлену тойының әсемдігі мен безендірілуі толығымен отбасының қаржылық мүмкіндіктеріне байланысты. Үйлену көйлектеріне келетін болсақ, ең қолайлы шешім табылды деп айтуға болады. Алдымен қалыңдық ақ түсті кимоно киеді, содан кейін түрлі-түсті. Рәсімнің соңында қалыңдық ақ еуропалық көйлек киеді. Үйлену және балалардың дүниеге келуі қазіргі кезде көбінесе кейінге шегеріліп, жастар алдымен жақсы білім алғысы келеді, сондықтан кейінірек үйлену, кейінірек балалы болу сәнге ене бастады [10]. Жоғарыда айтылғандарға

сүйене отырып, модернизация, әрине, Жапонияға әсер етті деп қорытындылай аламыз. Бірақ Жапонияның мәдени дәстүрлері қазіргі заманғы қоғамның бөлігі болып қала береді және оларды ұмыту немесе жою мүмкін емес. ХХІ ғасырдың жастары, әрине, қоғамда қабылданған ережелер мен нормаларды соншалықты қатаң сақтамайды, олар консерваторлардан гөрі жаңашыл, бірақ ата-аналарының ықпалымен балалар да дәстүрді жалғастыруда. Орташа отбасындағы балалар саны азайған сайын, ата-аналар балаларына ең жақсы білім бере алады. Ал оқу орындары өз кезегінде әр оқушымен жеке жұмыстар жүргізіп, сабақ пәндері ретінде дәстүрлі мәдениет сабақтары енгізілуде [11].

Осы жағдайларға байланысты шетелдерден жұмысшы күшін іздеу көбейіп жатыр. Балаларға арналған оқулықтар шығаратын баспаханалар жас оқырмандардың болмауына байланысты жабылуға мәжбүр. Мұның бәрі Жапония үкіметі үшін үлкен алаңдатушылықтар тудыруда. Отбасындағы балаға қазір басқаша қарайды. Бір кездері бала «Құдайдың сыйы, көктегі бата» деп саналды [12], Қазір бала ата-анасына кедергі келтіреді деп есептелінеді. Сондықтан, көптеген ата-аналар балаларды өздеріне ыңғайлы болуы үшін «бейімдейді», өйткені олар балаларының алдына көптеген міндеттер қойып тастап сол міндеттердің орындалуын күтеді. Сондықтан да бала тәрбиесіне қатал қарап ата-ана мен бала арасы бұзылып жатқан отбасылар да көбеюде. Жапонияда жалғызбасты аналар іс жүзінде жоқ, егер қандай-да бір себептермен әйел тұрмысқа шықпаса, онда балалар туылмайды, өйткені оның жалғыз өзі бала асырай алуы мүмкін емес [13]. «Әйелдердің жұмысына қатысты үш тұрақсыз кезеңі бар: 15-19 жас, 40-44 жас және 65 жастан кейін. Бұл үш кезең өмірлік циклдарға, білім алу кезеңіне, баланы дүниеге әкелуіне байланысты кезеңдер. 50-жастан кейін әйелдерге жұмыс табу қиын, бірақ қазір нарықтың өсуіне байланысты қосымша жұмыстар арқылы табыс тауып жүрген 50 жастағы әйелдердің саны өсуде. 90-жылдары «арубайто» деп аталатын қосымша жұмыс 15-24 жас аралығындағы жастар арасында, әсіресе әйелдер арасында өте танымал болды. Қазіргі уақытта тұрақты жұмыссыздық негізінен жастар мен бірге қарт адамдар да қосымша жұмысқа қабылдана береді» [14].

Әлеуметтік сақтандыру да өте қиын тақырып болып табылады, Жапонияда қарттарды халықтың еңбекке жарамды бөлігі, жас адамдардың еңбегі есебінен қамтамасыз ету бұрыннан қабылданған. Жапонияда егде жастағы адамдар саны өсіп келеді, ал жастар азайып келеді және олар жұмысқа жарамсыз зейнеткерлердің мұндай санын толықтай қамтамасыз ете алмайды. Бұл қиындық Жапониядағы басты қиын мәселелердің бірі болып тұр. Ол мәселені шешу үшін жастарға тұрақты, нәтижелі жұмыс істеп қана қоймай, сонымен бірге отбасын құруға мүмкіндік беретін бір ғана жол болуы мүмкін. Жастар үшін қарт туыстарына қамқорлық жасау - нағыз қиын мәселе. Нәтижелік тұрғысынан Жапония Солтүстік Американы және Батыс Еуропаны ұзақ уақыт басып озды, бірақ әлеуметтік қамсыздандыру саласында ол айтарлықтай артта қалып отыр. Бұрынғы кездегі дәстүрлі жапон отбасы конфуцийлік дәстүрдің «бір шаңырақ астында үш ұрпақ» деп аталатын қағидасын ұстанатын [15]. Үлкен ұлы ата-анасының барлық жылжымайтын және жылжитын мүлкін мұралыққа иемденді,

ол отбасында толық меншік иесі болады. Қарт ата-аналары да сол иемденген мұрамен үлкен баланың қамқорлығына өтіп, ол ата-анасының қалған өміріне қамқор болу тиісті. Сол күннен бастап үлкен ұлдың әйелі үйді иелене бастайды, үйдің қожайының барлық құқығы оған берілді, ал күйеуінің ата-анасы отбасылық істерде шешуші сөздерді айтатын дауыс беру құқығына ие болады. Қазіргі уақытта жастар ата-анасынан бөлек тұруға көбірек ұмтылуда, бұл үшін қаражат табуға тырысып, бұрынғыдай бірге тұру қажеттілігінен арылады [16].

Жапонияда қазір 10 миллионға жуық жалғызбасты адамдар бар. Өкінішке орай, олар өмірінің соңғы күндеріне дейін жалғыз өмір сүреді. Сонымен қатар бүгінгі күндері елдегі ажырасулардың өсуін байқауға болады, сондықтан көптеген жапондықтар отбасылық жағдайы туралы әңгіме қозғағанды ұнатпайды. Өйткені олар өздерін немесе сұхбаттасушысын ыңғайсыз жағдайға қалдырғылары келмейді [17].

Сондай-ақ Жапонияда әйелдерге күйеуін тастап кетуге мүмкіндік беретін зейнеткерлік жәрдемақы бар. Өмір бойы таңнан кешке дейін жұмыс істеп, үйге қонуға ғана келіп жүрген күйеуі зейнеткерлікке шыққан кезде, әйелдер үшін нағыз масылға айналады, олар таңертеңнен кешке дейін жұмыста болған кезде бірге өмір сүре алды, бірақ олар үнемі үйде отырғанда және үй шаруасына кедергі жасағанда әйел адамдар олармен бірге тұра алмайтынын түсіндік деген ақталумен осындай қадамдарға барады. Яғни көптеген әйел адамдар күйеулерінің таң атқаннан түнге дейін жұмыста болып, үйге қонуға ғана келетіндігіне үйреніп қалғандығы соншалық, күйеулері зейнеткерлікке шыққанда олар қатарына бөтен адам келіп тұрып жатқандай сезімде болып, ажырасуға бел байлайды [18].

Қазіргі жапондықтар ата-анасынан бөлек тұруға тырысады. Бұл процесті жапондық құрылыстарынан да байқауға болады, қазір Жапонияда екі қабатты үйлер танымал болды, яғни, ата-аналар мен балалар бір үйде, сонымен бірге бөлек, американдық «дуплекстер» түріндегі үйлерде тұрады [19].

Заманауи өзгерістерді барлық жерде көруге болады, жастар әлемді аралап жүр, олардың арасында өмірінде кимоно кимеген, дәстүрлі өнер түрлерімен таныс емес, туғаннан дәстүрлі музыканы естімеген, ұлттық театрларға бармаған, туған тарихына қызығушылық танытпайтын, өз елінің дәстүрлеріне бейім емес жастар бар. Бос уақыттың көп мөлшері және заманауи технологиялар жастарды өзгертті, енді олар кез-келген нәрсені істеуді жөн көреді, бірақ өздерін мәдени мұраларын зерделеу сияқты «қызықсыз» жұмыстарға арнамайды. Жаңашылдық Жапонияның дәстүрлі бейнесін тез өзгертті, мұның жағымды да, жағымсыз жақтары да бар. Жапондардың барлығы бір мақсатқа, бәрі жұмылып, елдің жағдайын көтеруге ұмтылған кезде, ол үшін еңбек қажет болды, сол уақыттарда балалар көп туылды. Отбасылардағы әкелері үлкен отбасын асырау үшін таңнан түнге дейін жұмыс істеуге мәжбүр болды. Әйел болса, үй шаруашылығының және балаларының қамын ойлап, жақсы мектептерге оқытып, жақсы тамақтандыру керек дегенді ұстанды. Бүкіл әлемнен әлдеқашан оқшауланған Жапония үшін қазіргі заманғы үрдістердің әсері өте зор. Жапония ақпаратты тез сіңіріп, бәрінен тезірек және жақсырақ үйренуі керек, біз бұл елдің толық

күйреуінен қаншалықты алыстап кеткенін және қазіргі Батыс қоғамы оған кері әсерін тигізетінін көреміз. Қазіргі уақытта барлық қажеттілікке қол жеткізілгенде, әйелдер мен ерлердің рөлі өзгереді, олардың барлық ұмтылыстары тек бір бағытқа бағытталмайды, жаңа өмір әйелдерге де жаңа мүмкіндіктер береді. Әйел өзінің балалы болғысы келмейтінін және өз өмірін мансап құруға бағыттайтынын және үйленуге ұмтылмайтынын ашық айтады. Олар үйленген әйел міндетті түрде отбасының қамымен, жұмыстан кетуі керек деп санайтын жұмыс берушілердің көзқарасымен келіспей жатады. Жапондық жастар бұқаралық ақпарат құралдарында әлемдегі өздерінің құрдастарының қалай өмір сүретінін, қазір немен танымал болып жатқанын, әлемдік қауымдастық ұмтылатын нәрсені естиді және көреді, және осы ақпарат негізінде олар өздерінің «заманауи» мінез-құлық жүйесін дамытуда. Қазір жапондық отбасы – бұл жай ғана қоғамның бір бөлігі емес, дәстүрлі өмір салтын сақтаған құрылыс материалы, онда ештеңе өзгермейді, енді біз оны қазіргі жапондық отбасы деп толықтай айта аламыз. Ата-ана тәрбие бағыт-бағдарларын өзгертуде, қазір адамның ішкі дүниесіне көбірек көңіл бөлу үрдісі байқалады. Ұжымдық құндылықтарға бағдарланған қауымдастық үшін бұл үлкен қадам. Бірақ жапондық отбасы дәстүрлі өмір салтынан толықтай бас тартып, Батысқа қарай бет бұрды деп айта алмаймыз, отбасылық әдет-ғұрыптар әлі күнге дейін жапондықтардың отбасында құрметтеледі және сақталады, балалар әлі де үлкендерді құрметтейді, аналар да балаларды өсіріп, үйге күтім жасайды, ал күйеуі жұмысқа кетеді. Тек мұның бәрі қазіргі заманғы бояуға ие болды, бұл отбасылық дәстүрлердің болуын ешқашан жоймады.

Индивидуалдық демографиялық мінез-құлықтың біртіндеп таралуына, жастардың өз қалауымен өмір сүруге, мансап жасауға ұмтылыстарымен байланысты Жапон қоғамы бөлшектене бастады. Жапонияда 1950–2012 жж. отбасылық өмірдің ерекшелігі – кеш үйлену «банконка», мұны үйленген жапондықтардың орташа жасының өзгеруі туралы деректер дәлелдейді. 1970 жылы әйелдің бірінші баласын туған кездегі орташа жасы 25,6 жасты құрады, 2012 жылы ол 30,3 жасқа дейін өсті [20]. Алайда, кеш үйлену Жапонияға ғана тән емес. Бұл жағдай басқа елдерде де байқалады, бірақ туу деңгейі барлық жерде төмендемейді. Бұл мәселе жапондардың ұлттық дәстүрлерімен тікелей байланысты, оған сәйкес балалар ресми тіркелген отбасында пайда болуы керек. Бірақ үйлену тойынан кейін патриархалдық дәстүр бірте-бірте өздігінен қалыптаса бастайды. Жас ұрпақ ата-аналарға үлкен сенім артады, олар баспана сатып алуда олардың көмегіне мұқтаж, көбінесе ата-аналар балаларына үй салады. Алайда, барлық өзгерістерге қарамастан, жастар ата-баба алдындағы міндеттерін ұмытпайды. Үлкендерге құрмет тек мәртебесіне ғана емес, жасына да байланысты болады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, отбасы мен отбасылық қатынастардың құрамындағы елеулі өзгерістерге қарамастан, дәстүрлі сабақтастық сақталады деп қорытынды жасауға болады. Ол әлеуметтік қатынастарда және әлеуметтік қоғамда сақталады. Отбасында қандай да бір

нысанда, әлеуметтік қатынастардың иерархиялық және өзара тәуелді табиғаты өмір сүруін жалғастыруда.

Пайда болған мәселені түсініп, Жапония үкіметі жастарды тек Жапон еліне лайықты жапондықтар ғана емес, сонымен бірге өз елі мен мәдениетін мақтан тұтатын адамдарды тәрбиелеу арқылы ұлттық өзін-өзі тануды күшейту шараларын қабылдауда. Өзіміздің мәдени мұрамыздан бас тарту болашақта үлкен проблемалар туғызады, біз өзіміздің кім екендігімізді білмейтін, қай бағытта қозғалу керектігімізді және қалай даму керектігімізді білмейтін ұлтқа айналамыз. Атап айтқанда, жапон үкіметі үшін ғана емес, сонымен бірге осы елдің ересек адамдары үшін үлкен міндет - балаларына рухани мәдениетті сіңіру, олардың қандай бай мәдениеттің бір бөлігі екенін көрсету және айту, сонымен қатар олардың рухани және мәдени мұраларын мұқият сақтауға үйретуге бағытталған іс шаралар көп ұйымдастырылады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, әрине, Жапония өзінің мәдени дәстүрін жоққа шығарып, шетелдік мәдениеттің элементтерін оңай пайдалана алар еді, бірақ кейін олар жапондық болып қала алар еді. Бұл процестер Жапонияға тек теріс әсер етті деп айту мүмкін емес, сайып келгенде, осы қажетті инновацияларсыз Жапония соғыстан кейінгі күйрегеннен шықпаған болар еді. Олардың дәстүрлері мен бейімделуге ыңғайлылығының арқасында жапондықтар бүкіл әлемнен өздеріне жаңашылдық пен жаңалықтар енгізе алды. Алайда, бұл процестің жағымсыз жақтарын атап өткен жөн. Туу деңгейінің төмендеуі, әлеуметтік тұрақсыздық, жапондықтардың ескі және жаңа ұрпағы арасындағы бөліну, бірақ барлық осы кемшіліктерге қарамастан, тіпті жастар да өздерінде қатысты желден қалыптасқан қағидаларды өзінен алып тастай алмайды. Жапонияда дәстүрліліктің мықтылығы соншалық, жапондықтар саналы түрде жапондық болып қала береді, ал қазіргі заманда, жаһандану дәуірінде бұл таңғажайып ұлттық қасиет Жапонияның дәстүрлі мәдениетін сақтап, оны одан әрі дамытуға түрткі бола алады.

ӘДЕБИЕТ

[1] Толерантность и культура межнационального общения: Учебно-методическое пособие (для студентов вузов). – Краснодар: Просвещение-Юг, 2009. – 307 с.

[2] Lasswell H. D. The structure and function of communication in society // In: L. Bryson (Ed.), The communication of ideas. - New York: Harper and Row, 1948. – P. 37-51.

[3] Кугай А. И. Расистский дискурс электронных СМИ как фактор создания межэтнических конфликтов // Управленческое консультирование. - 2015. - № 1.- С. 132-137.

[4] Rodionova E.V., Balan K.A. Representation of Ethnic Conflict in the Media in the Post-Soviet Period // Вестник СПбГУ. История. - 2020. – Т.65. Вып.2. – С. 519-524.

[5] Малькова В.К., Тишков В.А. Этничность и толерантность в средствах массовой информации. - М.; ИЗА РАН. 2002. – 348 с.

[6] Ладодо И. СМИ и общественное мнение о межнациональных отношениях в Москве. - М.,1995. - С.3-6.

- [7] Курсахич К. Prime Time Crime: Балканские СМИ в войне и мире. - US Institute of Peace Press, 2003.
- [8] Тишков В.А. Единство в многообразии: публикации из журнала «Этнопанорама» 1999-2008 гг. - Оренбург, 2008. - С.117-124.
- [9] Шапалов В. Этнополитика. – Тюмень: Литагент, 2014.
- [10] Дәлелдер мен фактілер / АИФ. - 2013. - 6 тамыз. <http://www.kazan.aif.ru/society/details/86966>.
- [11] Адеянджу К. Сахараның оңтүстігіндегі Африкадағы бұқаралық ақпарат құралдары және зорлық-зомбылық қақтығыстары // Liberty and International Affairs. – 2018. - № 4 (3). – P. 73-87.
- [12] Муна Шифа. Эфиопиядағы этникалық зорлық-зомбылықты қоздырудағы бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік медианың өзара әрекеті // Жаңа медиа бойынша курстар жинағы. - Sabar.asia, 2021. – 160 б.
- [13] Плаут М. Руандадағы геноцидке лайық Эфиопиялық жеккөрушілік сөздер, Facebook арқылы тасымалданады // Eritrea Hub. – 2021. - 31 қазан. <https://eritreahub.org/ethiopian-hate-speech-worthy-of-the-rwandan-genocide-carried-by-facebook>7>.
- [14] Дэвисон Дж. The Hate Politics: Ultranationalist and Fundamentalist Tactics and Goals // Journal of Hate Studies. – 2006. – № 5. – P. 38.
- [15] Laplante L. J., Phenicie K. Mediating post-Conflict Dialogue // Marquette Law Review. – 2009. - № 93.- P. 251-283.

REFERENCES

- [1] Tolerantnost' i kul'tura mezhnatsional'nogo obshcheniya: Uchebno-metodicheskoye posobiye (dlya studentov vuzov) [Tolerance and culture of the international community: educational and methodological support (for vuzov students)]. – Krasnodar: Prosveshcheniye-Yug, 2009. – 307 s.
- [2] Lasswell H. D. The structure and function of communication in society // In: L. Bryson (Ed.), The communication of ideas. - New York: Harper and Row, 1948. – P. 37-51.
- [3] Kugay A. I. Rasistskiy diskurs elektronnykh SMI kak faktor sozdaniya mezhetnicheskikh konfliktov [Racist discourse electronic SMI as a factor in the formation of interethnic conflicts] // Upravlencheskoye konsul'tirovaniye [Administrative consultation]. - 2015. - № 1.- S. 132-137.
- [4] Rodionova E.V., Balan K.A. Representation of Ethnic Conflict in the Media in the Post-Soviet Period // Vestnik SPbGU. Istiroiya. - 2020. – Т.65. Вып.2. – S. 519-524.
- [5] Mal'kova V.K., Tishkov V.A. Etnichnost' i tolerantnost' v sredstvakh massovoy informatsii [Ethnicity and tolerance in the media Ethnicity and tolerance in the media]. - M.: IZA RAN. 2002. – 348 s.
- [6] Ladodo I. SMI i obshchestvennoye mneniye o mezhnatsional'nykh otnosheniyakh v Moskve [SMI and public discussion of international relations in Moscow]. - M., 1995, P. 3-6.
- [7] Kursahich K. Prime Time Crime: Balkanskiye SMI v voyne i mire [Prime Time Crime: Balkan SMI in the war and the world]. - U.S. Institute of peace Press, 2003.
- [8] Tishkov V. A. Yedinstvo v mnogoobrazii: publikatsii iz zhurnala «Etnopanorama» 1999-2008 gg. [Unity in many ways: publications from the magazine "Ethnopanorama" 1999-2008 gg. - Orenburg, 2008, P. 117-124.
- [9] Shapalov V. Ethnopolitics. - Tyumen, Litagent. 2014.
- [10] Dalelder men faktiler [Evidence and facts] // AIF. - 2013. - 6 тамыз. <http://www.kazan.aif.ru/society/details/86966>.
- [11] Adeyanju C. Sakharanyn ontustigindegi Afrikadagy bukaralyk akparat kuraldary zhane zorlyk-zombylyk kaktygystary [Media and violent conflicts in Sub-Saharan Africa] // Liberty and International Affairs Magazine. – 2018. - No 4 (3). – P. 73-87.

[12] Muna Shifa. Efiopiyadagi etnikaliq zorliq-zombılıqtı qozdırwdagi buqaralıq aqparat quraldarı men aleumettik medianın ozara areketi [The Interplay of Mass Media and Social Media in Fueling Ethnic Violence in Ethiopia] // Jana media boyınsa kwrstar jinagi. – Cabar.asia, 2021.

[13] Plaut M. Rwandadagi genocıdke layıq Efiopiyalıq jekkorusilik sozder [Facebook arqlı tasımaladanadı Ethiopian hate speech worthy of genocide in Rwanda, transmitted via Facebook] Eritrea Hub.- 2021.- October 31. , accessed: <<https://eritreahub.org/ethiopian-hate-speech-worthy-of-the-rwandan-genocide-carried-by-facebook>>7

[14] Дэвисон Дж. The Hate Politics: Ultrnationalist and Fundamentalist Tactics and Goals // Journal of Hate Studies. – 2006. – № 5. – P. 38.

[15] Laplante L. J., Phenicie K. Mediating post-Conflict Dialogue // Marquette Law Review. – 2009. - № 93.- P. 251-283.

СОЦИОКУЛЬТУРНЫЙ ОБРАЗ ЯПОНИИ В ЭПОХУ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

*Сауданбекова Ш.Т.¹, Бейіл Е.С.²

¹*доктор наук, старший преподаватель Казахского национального университета им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан, saudanbekova.shynar@gmail.com,

²Магистрант 2 курса Казахского национального университета им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: Boktashak@gmail.com

Аннотация. В статье описываются современные трансформации социокультурных процессов в японском обществе. Несмотря на требования глобальной модернизации и глобализации, современное японское общество уделяет большое внимание традициям, прошлым жизням, древним памятникам, стараясь сохранить унаследованные от наших предков нормы поведения и формы культуры. Он объясняет жизнеспособность традиций в системе политической мысли, а также в социальном поведении японцев, связывая их с различными ситуациями в современном обществе.

В данной статье научно доказано, что понятие «гири», которое японцы считают своим долгом, является некой нравственной необходимостью, которая иногда заставляет человека делать что-либо против его воли или без оглядки на собственную выгоду. Гирі — почетная обязанность, основанная не на абстрактных понятиях о добре и зле, а на строгой регламентации человеческих отношений, требующей соответствующих действий в определенных ситуациях.

Ключевые слова: общество, традиционализм, нация, Япония, глобализация, гири, культура, менталитет.

THE SOCIO-CULTURAL IMAGE OF JAPAN IN THE ERA OF GLOBALIZATION

*Saudanbekova S.T.¹, Beil Y.S.²

¹*PhD, Senior Lecturer, Al- Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, saudanbekova.shynar@gmail.com

²2nd year master's student, Al- Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: Boktashak@gmail.com

Annotation. The article describes the modern transformation of socio-cultural processes in Japanese society. Despite the demands of global modernization and globalization, modern Japanese society pays great attention to traditions, past lives, ancient monuments, trying to preserve the norms

of behavior and forms of culture inherited from our ancestors. He explains the vitality of traditions in the system of political thought, as well as in the social behavior of the Japanese, linking them with various situations in modern society.

In this article, it is scientifically proven that the concept of "giri", which the Japanese consider their duty, is a kind of moral necessity that sometimes forces a person to do something against his will or without regard to his own benefit. Giri is an honorable duty, based not on abstract concepts of good and bad, but on the strict regulation of human relations, which requires appropriate actions in certain situations.

Key words: society, traditionalism, nation, Japan, globalization, giri, culture, mentality.

Статья поступила 12.12.2022